

## Бұрынғы Семей сынақ полигонының аумағындағы жер учаскелерін ауыстыру және беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 қарашадағы N 1242 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 105, 138, 143-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Семей сынақ полигоны аумағындағы босалқы жер санатынан алаңы 126,0308 гектар жер учаскелері өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және де өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлер с а н а т ы н а а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесі осы қаулының қосымшасына сәйкес «Қаражал» кен орнында флюорит өндіру үшін «Үлбі-ФторКомплекс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - серіктестік) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығында берілсін.

3. Серіктестік қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығы алқаптарын ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық б ю д ж е т т і ң к і р і с і н е ө т е с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 4

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 2 4 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

### «Үлбі-ФторКомплекс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

Р / с №	Жер учаскесінің жалпы алаңы, оның ішінде жайылым, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқық беру мерзімі
1.	44,0	«Қаражал» кен орнында флюорит өндіру	2022 жылғы 10 сәуірге дейін
2.	75,7	Ашылған және теңгерімге алынған кен жыныстарының үйінділерін және	

		инфрақұрылым элементтерін орналастыру үшін	2022 жылғы 10 сәуірге дейін
3.	3,16	Вахталық кент салу және оған қызмет көрсету үшін	2022 жылғы 10 сәуірге дейін
4.	0,0268	Электр беру желілерін салу және қызмет көрсету үшін	2022 жылғы 10 сәуірге дейін
5.	3,144	«Қаражал кеніші - вахталық кент» автомобиль жолын салу және оған қызмет көрсету үшін	2022 жылғы 10 сәуірге дейін
	126,0308		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК